

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСС / УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС / CRIMINAL PROCEDURE

УДК 343.1(574)

АҚПАНОВ Арыстан Нөкешұлы

Заң ғылымдарының докторы, профессор, Л. Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

НҰРЛҰМБАЕВА Ляззат Ерланқызы

«Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК Ғылыми құқықтық сараптаманы үйлестіру бөлімінің басшысы

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ БҰЙРЫҚТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ИНСТИТУТЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Аннотация. Мақалада авторлар қылмыстық процестегі бұйрықтық іс жүргізу институтына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізді. Осы институт Қазақстанда 2018 жылдан бастап жұмыс істей бастады және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 1 желтоқсандағы Заңмен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне енгізілді. Мұндай институтты енгізу қажеттілігі іс жүргізу нысанын жеңілдету, қылмыстық теріс қылықтар мен ауырлығы аз қылмыстар туралы істер бойынша мерзімдерді жеделдету және іс жүргізу үнемдеуі қажеттілігіне байланысты.

Іс жүзінде бұйрықтық іс жүргізу институтын құқық қорғау және сот органдары толық көлемде пайдаланбайтынын атап өткен жөн, бұл заңнамалық реттеудің жетілмегендігі, сондай-ақ оны қолдану кемшіліктері салдарынан бұйрық тәртібінің барлық әлеуеті толық ашылмағандығы туралы тезисті растайды. Осыған ұқсас институттардың кейбір ережелерінің рецепциясы мен оларды бейімдеу бөлігінде шетелдік заңнаманы талдау осы жұмыстың негізгі міндеттерінің біріне айналды.

Түйін сөздер: процестік нысанды саралау, жеңілдетілген және жеделдетілген іс жүргізу, арнайы іс жүргізу, бұйрықтық іс жүргізу, сот бұйрығы.

АҚПАНОВ Арыстан Нукешевич

Доктор юридических наук, профессор, профессор Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан

НУРЛҰМБАЕВА Ляззат Ерлановна

Руководитель отдела координации научной правовой экспертизы РГП на ПХВ «Институт законодательства и правовой информации Республики Казахстан»

СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ ИНСТИТУТА ПРИКАЗНОГО ПРОИЗВОДСТВА В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация. В статье авторы провели сравнительно-правовой анализ института приказного производства в уголовном процессе. Данный институт начал работать в Казахстане с 2018 года и внесен в Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан Законом от 1 декабря 2017 года «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам модернизации процессуальных основ правоохранительной деятельности». Необходимость введения такого института обусловлена необходимостью упрощения процессуальной формы, ускорения сроков и экономии производства по делам об уголовных проступках и преступлениях малой тяжести.

На практике следует отметить, что институт приказного производства не используется правоохранительными и судебными органами в полном объеме, что подтверждает тезис о том, что из-за несовершенства законодательного регулирования, а также недостатков его применения не раскрыт полностью весь потенциал приказного порядка. Одной из основных задач данной работы стал анализ зарубежного законодательства в части предписания некоторых положений аналогичных институтов и их адаптации.

Ключевые слова: дифференциация процессуальной формы, упрощенное и ускоренное производство, специальное производство, приказное производство, судебный приказ.

AKPANOV Arystan Nukeshevich

Doctor of Law, Professor, L. N. Gumilyov Professor of the Eurasian National University, Republic of Kazakhstan

NURLUMBAYEVA Lyazzat Yerzhanovna

Head of the Department of Coordination of Scientific Legal Expertise of the RSE at the Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

COMPARATIVE LEGAL ANALYSIS OF THE INSTITUTION OF WRIT PROCEEDINGS IN CRIMINAL PROCEEDINGS

Abstract. In the article, the authors conducted a comparative legal analysis of the institution of writ proceedings in criminal proceedings. This institute has been operating in Kazakhstan since 2018 and was introduced into the Criminal Procedure Code of the Republic of Kazakhstan by the Law of December 1, 2017 "On Amendments and Additions to Some Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on the modernization of the procedural foundations of law enforcement". The need to introduce such an institution is due to the need to simplify the procedural form, accelerate the timing and economy of proceedings in cases of criminal offenses and minor crimes.

In practice, it should be noted that the institution of writ proceedings is not used by law enforcement and judicial authorities in full, which confirms the thesis that due to the imperfection of legislative regulation, as well as the shortcomings of its application, the full potential of the writ order has not been fully disclosed. One of the main tasks of this work

was the analysis of foreign legislation in terms of prescribing certain provisions of similar institutions and their adaptation.

Keywords: *differentiation of the procedural form, simplified and accelerated proceedings, special proceedings, writ proceedings, court order.*

Елдің үдемелі экономикалық дамуының, инвестициялық тартымдылығының маңызды шарттарының бірі мемлекет тарапынан қолжетімді, ақылға қонымды мерзімде тәуелсіз және әділ сот ісін жүргізуді қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты жаңа егеменді құқықтық жүйелер ұлттық заңнаманы құқықтық жанжалдарды ұтымды қарауды, ашықтықты, тиімділік пен жылдамдықты қамтамасыз ете отырып, құқықтық қатынастарды реттеудің әлемдік трендтеріне сәйкес оңтайлы жеңілдетуге және ретке келтіруге тырысады. Осы мән-мәтінде Н.Г. Стойконың ұлттық деңгейде және халықаралық салада бірыңғай біртекті қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің тетіктерін құрудың өзектілігі мен қажеттілігі туралы тұрақты пікірімен ортақтаспыз [1, 6-б].

Қазіргі уақытта бұл үрдіс ғылыми қоғамдастық тарапынан барлық шетелдік институттардың Қазақстан аумағында бірдей тиімді еместігіне байланысты сынға ұшырауда.

Барынша қысқа мерзімде шешім қабылдауға болатын істер бойынша процестік үнемдеу басым бағыт болып табылады. Бұл ретте, ақылға қонымдылық қағидатын және өзінің бірегейлігін басшылыққа ала отырып, әрбір мемлекет осы мәселеге өзінше қарайды.

Қазақстандағы бұйрықтық іс жүргізу институты шетелдік, бәрінен бұрын, Германия мен Эстонияның сыналған тәжірибесін зерделеу негізінде енгізілді. Оны қолдануға болатын бірқатар шарттар бар, оның ішінде жиналған дәлелдемелер арқылы құқық бұзушылық фактісі және оны жасаған адам анықталған кезде; субъект өзінің кінәсінің

бар дәлелдемелеріне дау айтпайды және іс-әрекеттің біліктілігімен, келтірілген залалдың (зиянның) мөлшерімен (сомасымен) келіседі; негізгі жазаның бір түрі ретінде айыппұл көзделеді және басқалары.

Маңызды іс жүргізу кезеңдерінің бірі жасалған іс-әрекетті және процестік жағдайды заңдық бағалау, ерекше іс жүргізудің осы түрін қолдану туралы процестік шешімді қабылдау болып табылады.

Германияда ҚПК § 407 сәйкес жаза туралы сот бұйрығымен жазаның тек мынадай түрлері ғана жеке немесе жиынтық белгіленуі мүмкін: ақшалай айыппұл, жазаны шартты түрде қолданбау, көлік құралын жүргізуге тыйым салу, оны алып қою, тәркілеу, жою, жарамсыз ету, сотталғаны туралы хабарлау және заңды тұлғаға немесе тұлғалар бірлестігіне әкімшілік айыппұл; тыйым салу екі жылдан артық болмайтын жүргізуші куәлігінен айыру; жазадан бас тарту.

Егер айыпталушының қорғаушысы болса, онда, егер оны орындау сынақ мерзімімен кейінге қалдырылуға жататын болса, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза да белгіленуі мүмкін [2].

Заңды күшіне енген сот шешіміне шағымданудың неміс рәсімі де қызығушылық тудырады, мұнда заңды күшіне енген үкім шығарумен аяқталған іс жүргізуді қайта бастауға негіз бар. Бұл нормалар сот бұйрығына да қолданылады. ҚПК § 359 сәйкес іс жүргізуді қайта бастау (сотталғанның пайдасына) мынадай жағдайларда: дәлелдемелердің жалған жасалғандығы; куә айғақтарының және сарапшы қорытындысының/түсіндірмесінің көрінеу

жалғандығы; егер үкім шығаруға сотталғанның өзі бұзушылыққа себеп бермеген жағдайды қоспағанда, өзінің қызметтік міндеттерін бұзғаны үшін кінәлі деп танылған судья немесе шеффен қатысқан болса; егер айыптау үкімі сүйенген азаматтық істер бойынша соттың шешімі заңды күшіне енген басқа шешіммен жойылса; егер өздері немесе бұрын алынған дәлелдермен бірге сотталушының ақталуын немесе онша қатал емес қылмыстық заңды қолдану арқылы түзету шарасы мен қауіпсіздікке қатысты аз жазаны немесе айтарлықтай өзгеше шешімді негіздей алатын жаңа фактілер немесе дәлелдемелер ұсынылса; егер Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот Адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы Еуропалық конвенцияны немесе оның хаттамаларын бұзуды анықтаса және үкім осы бұзушылыққа негізделсе болуы мүмкін.

ГФР ҚПК § 373 а сәйкес заңды күшіне енген жаза туралы сот бұйрығын қабылдаумен аяқталған іс жүргізуді қайта бастау (сотталғанның пайдасына емес) мүмкіндігі көзделген. Бұл жаңа фактілер немесе дәлелдемелер ұсынылған жағдайда орын алады, олар өздері жеке немесе алдыңғы дәлелдемелермен бірге қылмысқа байланысты соттау үшін жарамды [3].

Германияның ҚПК § 363. (1) негізінде сол қылмыстық заң негізінде жазаның өзге мөлшерін айқындау мақсатында іс жүргізуді қайта бастауға жол берілмейді.

ҚР ҚПК-не қылмыстық істі қайта бастау негіздері енгізілген жағдайда бұйрық тәртібімен осындай ережені бекіту қажет. Кері жағдайда, айыппұл мөлшерін азайту не оны төлеудің өзге тәртібін айқындау мақсатында істі қайта бастау негіздерін белгілейтін нормаларды теріс пайдалану ықтималдығы болуы мүмкін.

Германияның тәжірибесі бұрын мақала авторларының алдыңғы жұмыстарында ег-

жей-тегжейлі ашылған еді, бұл да пайдалы болуы мүмкін [4].

Латвияның ҚПК-де сотқа дейінгі кезеңде прокурордың жазалау туралы ұйғарымы қолданылады. Бұл институт Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік бұйрықтық іс жүргізуінің табиғатына неғұрлым жақын болып көрінеді. Латвияда ҚПК-нің 420-бабына сәйкес бұл сотқа дейінгі процесс қылмыстық құқық бұзушылық немесе онша ауыр емес қылмыс үшін қолданылады және прокурор жасалған қылмыстық іс-әрекеттің сипатын және адамның деректерін және істің басқа да мән-жайларын сипаттайтын келтірілген зиянды ескере отырып, оған бас бостандығынан айыруға байланысты жаза қолдану талап етілмейтініне көз жеткізеді, алайда ол жазасыз қалдырылуы мүмкін емес және осыған байланысты прокурор жазалау туралы ұйғарым жасай отырып қылмыстық процесті тоқтата алады [5].

Қазақстандағы шетелдік тәжірибені ескере отырып, қылмыстық-процестік бұйрықтық іс жүргізуді қолдану негіздері әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді. Оған қоса, институтты Қазақстанда қолдану мүмкін болмау жағдайлары толық ұтымды болып табылады, бұл қылмыстық процесте адам құқықтарын қорғау және сақтау қағидаттарына толық сәйкес келеді.

Швейцарияда қазақстандық бұйрықтық іс жүргізу институтына ұқсас – жазалау туралы бұйрық бар. Оның ерекшеліктеріне, егер айыпталушы алдын-ала іс жүргізуде оның кінәсін куәландыратын мән-жайларды мойындаған немесе оларды жеткілікті түрде басқа жолмен анықтаған жағдайларда оны прокуратура шығаратынын жатқызуға болады. Сонымен қатар қосымша кепілдік ретінде, егер айыпталушы, өзге де мүдделі тұлғалар, сондай-ақ жоғары тұрған прокуратура органдары тарапынан 10 күн ішінде қарсылықтар туындамаса, онда Швейца-

рияның ҚПК-нің 354-бабының 1-бөлігіне сәйкес жазалау туралы бұйрық сот үкіміне тең болады деп көзделген.

Прокурор мынадай жаза түрлерінің бірін тағайындауға құқылы: Қылмыстық кодекстің нормаларында көзделген ауыр емес айыппұл (die Busse); 180 тәуліктік мөлшерлеме мөлшерінен аспайтын қылмыстық айыппұл (die Geldstrafe); қоғамдық жұмыстар, бірақ 720 сағаттан аспайтын; бас бостандығынан айыру (die Freiheitsstrafe) [6, 93-94-б.].

Процесске қатысушылардан прокурордың шешімімен келіспеу туралы өтініш келіп түскен жағдайда, прокурор қарсылықты шешу үшін талап етілетін қосымша дәлелдемелерді жинайды және төрт шешімнің бірін қабылдайды: жазалау туралы бұйрықты күшінде қалдыру; іс жүргізуді тоқтату; жазалау туралы жаңа бұйрық шығару; бірінші сатыдағы сотқа айып тағу.

Егер прокурор жазалау туралы бұйрықты өзгеріссіз қалдыруды талап етсе, онда ол істі мәні бойынша қаралатын бірінші сатыдағы соттың қарауына ұсынады. Содан кейін сот жазалау туралы бұйрықты күшінде қалдыруға не оны жарамсыз деп тануға және істерді жалпы тәртіппен алдын ала тергеу жүргізу үшін прокуратураға жіберуге құқылы [6, 94-б.].

Жүргізілген талдау негізіндегі қорытындылар:

1. Күдіктінің қылмыстық-процестік бұйрықтық іс жүргізуді қолдану құқығын іске асыру үшін қылмыстық процесті жүргізетін органның оны қорғаушының қатысуымен (іске қатысқан кезде), оның ішінде ерекше іс жүргізудің осы түрінің құқықтық салдарын тиісті түрде түсіндіру міндетін енгізген жөн. Ол үшін негізгі, оның ішінде институтты қолданудың құқықтық салдарын түсіндіретін құқықтар мен міндеттер жиынтығын айналымға енгізуге болады (Миранда қағидасына ұқсас).

2. Кейбір елдерде құқық бұзушылықтың белгілі бір түрлері үшін санкциялар ретінде айыппұл ғана емес, сонымен қатар жазаның басқа да түрлері болып табылады. Бұл факт, бәрінен бұрын, жеделдетілген нысандар қылмыстық істердің әртүрлі санаттары бойынша қолданылатындығына байланысты. Бірақ мұндай тәжірибе заңдылықтың сақталуын тиімді және тәуелсіз сот бақылауы мен қадағалауы бар, сыбайлас жемқорлық барынша азайтылған елдерде кең таралған.

Бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамын кеңейту (ауырлығы орташа, ауыр қылмыстар) осы кезеңде мерзімінен бұрын болып көрінеді.

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік бұйрықтық іс жүргізуде айыппұлмен қатар қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазалаудың балама түрін енгізген жөн.

Қорытындылай келе шетелдік, оның ішінде қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнаманың сол немесе өзге нормаларының құқықтық рецепциясы туралы шешім қабылдаған кезде оның қолайлы болатын үш құрамдас фактордың болуын назарға алу қажет екенін атап өткен жөн:

– құқық қолдану қызметі үшін, оның ішінде бар қайшылықтарға, коллизияларға, қолданыстағы құқықтық реттеудегі олқылықтарға байланысты нақты қажеттілік;

– саяси бастама құқықтық модельді жүйелі, кешенді, кезең-кезеңімен және пилоттық жаңғыртуды жүргізу кезінде жоғары мемлекеттік басшылардың еркі ретінде. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнама саласындағы құқықтық қатынастарды ұлттық деңгейде ұтымды реттеуді жүзеге асыру;

– шешімдер қабылдау тәуекелдерін бағалауды жүргізу, болжау және құқықтық модельдеу әдістерін қолдану.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Стойко Н.Г. Уголовный процесс западных государств и России: сравнительно теоретико-правовое исследование англо-американской и романо-германской правовых систем. Монография. – СПб.: Издательский дом С.-Петербург. гос. ун-та, Издательство юридического факультета СПбГУ, 2006. – 264-б.
2. Хупсергенов Х.М. Упрощенные формы производства в уголовном процессе зарубежных стран: монография. – М.: Юрлитинформ, 2014. – 160-б.
3. Уголовно-процессуальный кодекс Федеративной Республики Германия // Электрондық ресурс: <https://publishup.uni-potsdam.de/opus4-ubp/frontdoor/deliver/index/docId/6039/file/sdrs02.pdf> (Жүгіну күні: 22.04.2023 ж.).
4. Приказное производство в уголовном процессе Германии // ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. 2020. № 5 (63). - 207-212-б.
5. Уголовно-процессуальный закон Латвии // Электрондық ресурс: http://www.pravo.lv/likumi/29_upz.html (Жүгіну күні: 22.09.2019 ж.).
6. Трефилов А.А. Организация досудебного производства по УПК Швейцарии: Монография. – М.: Юрлитинформ, 2015. – 336-б